Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының білім бөлімінің «Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретінмектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная школа имениБ.Сокпакбаева» отдела образования Шардаринского района управления образовании Туркестанской области

БҰЙРЫҚ
№225
20.09.2024 жылғы

ПРИКАЗ
№..........
...............2024 год

**Ата-аналар кеңесін құру туралы**

Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың,нашақорлық,бала еңбегін заңсыз пайдаланудың алдын алу бойынша жұмыстарын жандандыру мақсатында,**БҰЙЫРАМЫН:**

1.Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың,нашақорлық,бала еңбегін заңсыз пайдалануын,ерте жүктіліктің алдын алу бойынша жұмыстарын жандандыру мақсатында мектепішілік «Ата-аналар кеңесі» төмендегідей құрылсын.

1.О.Назарбеков-ата-аналар кеңесінің төрағасы- 8 702 611 08 46
2.Бектураев Мейіржан- ата-аналар кеңесінің мүшесі-8 707 222 86 86
3.Акбаев Аскар- ата-аналар кеңесінің мүшесі-8 701 140 61 80

2. «Ата-аналар кеңесі» жұмыс жоспары түзіліп,бекітілсін.(қосымша №1)
3. Осы бұйрықтың орындалуы директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.Байқоныроваға жүктелсін.

**Мектеп директоры** **Е.Акбердиев**

Бұйрықпен таныстым: А.Бай

**Бекітемін:**
**Мектеп директоры: Е.Акбердиев**

Б.Сокпаков атындағы жалпы білім беретін мектебінде ата-аналармен және ата-аналар кеңесінің атқаратын жұмысының іс- шаралар жоспары

| № | Іс –шаралар мазмұны | мерзімі | Орындаушы | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Мектептің ата-аналар кеңесінің құрамын бекіту,іс-шаралар жоспарын құру; | Оқу жылының басынан | ДТЖЖО | Мектеп басшылары |
| 2 | Мектепішілік ата-аналар жиналысын өткізу.<br><br>Ата-аналардың жауапкершілігі,міндеттері туралы мектеп ережесімен таныстыру | тоқсанда бір рет<br><br>қыркүйек | Ата-аналар ком.төрағасы ДТЖЖО | |
| 3 | Мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып мектептің «қиын » балаларымен және олардың ата-аналары немесе қамқоршыларымен нақты жұмыстар атқару. | тұрақты | ДТЖЖО<br>Мектеп инспекторы<br>Ата-аналар кеңесі | |
| 4 | Оқушылардың науқан жұмыстарына кетіп қалмауы бойынша күндізгі рейд ұйымдастыру | Қазан,сәуір | ДТЖЖО,ата-аналар кеңесі Сын.жет. | |
| 5 | Оқушылардың тәрбиесіне,оқу үлгеріміне, сабаққа қатысуына,сабақтан тыс тәрбиелік іс-шараларға қатысуына баса назар аудару | Оқу жылы барысында | Мектеп әкімшілігі<br>Ата-аналар кеңесі. | |
| 6 | «Баланың қоғамдағы,мектептегі және үйдегі орны» атты пікірталас өткізу; | Қараша | Ата-ана кеңесі, сын.жет,оқушы | |
| 7 | Ата-аналар жиналысына ұсынылатын тақырыптар:«Баланың тәрбиесінде ата-ананың ролі»,«Бала еңбегін заңсыз пайдалану»,«Балалардың жақсы оқуға деген ынтасына жанұяның тигізетін әсері »,«Баланың құқықтары мен міндеттері» «Мектеп,оқушы,ата-ана» | Тоқсанда бір рет | Сынып жет-р | |
| 8 | Мектептегі аз қамтамасыз етілген отбасы балаларды анықтау,жұмыстар жүргізу | Жыл бойы | Әлеум.пед.ата-ана ком. | |
| 9 | «Мамандығым-мақтанышым» атты ата-аналар мен оқушылар арасында дөңгелек үстел өткізу; | мамыр | Ата-аналар кеңесі,Р.Сопбекова | |

Дайындаған А.Байконырова

## Хабарландыру

Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде **«Мектеп,оқушы,ата-ана»** тақырыбында мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізіледі.

Күні:10.09.24ж. Уақыты:сағ.16.00

## Күн тәртібінде:

1. Тренинг. Педагог-психологтар Л.Қалиева Н.Халмұратова
2. Ата-ана жауапкершілігі,мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру
Тәртіп мәселесі (ұялы телефон,мектеп формасы)
3. «Құқықбұзушылықтың алдын алу» баяндамашы мектеп инспекторы Ш.Ибадуллаев.
4. Әкелер кеңес төрағасы Т.Сахов
5. Қорытынды.Мектептің аттестациядан өтуі туралы
Мектеп директоры Е.Акбердиев.

**Ескерту.Сынып жетекшілер,ата-аналардың түгел қатысуын қамтамасыз етіңіздер!**

Мектеп әкімшілігі






Б.Сокпакбаеватындағыжалпыбілімберетінмектебінің «Біртұтастәрбие» бағдарламасыаясында «Мектепоқушы,ата- ана»тақырыбындаөткізілгенмектепішілікатааналаржиналысының

ХАТТАМАСЫ №1

Шардарақаласы «10» 09. 2024ж

Қатысқандар:7

1.Мектеп директоры – Е.Д.Акбердиев

2.Ата аналаркомитетініңтөрағасы -О.Назарбеков

3.ДТЖЖО-А.Байқоңырова

4.Шардара АБП нің КТІЖ инспекторы- Ш.Ибадуллаев

5.Педагог психолог Н.Халмуратова

6.Ата аналар, сыныпжетекшілер

7.Майкала мөлтекауданыныңауылбиі,әкелеркеңесініңтөрағасы- Т.Сахов

**Күн тәртібінде:**

1.Мектеп ережесін сақтау,тәртіп мәселесі,мектеп формасы,қауіпсіздік ережелері

2.Ұялы телефонға тыйым салу

(ата -аналардың жауапкершілігі,міндеттері)

3.Көлік басқаруға, тойхана, кафелерде жұмыс жасауға, түнгі уақытта жүруге тыйым;

4.Әртүрлі мәселелер

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша жиналыс барысында мектептің директоры Е.Акбердиев сөз алып, оқушылардың мектеп ережесін сақтауы, оныата аналар үнемі қадағалап отыруы жайында айтып өтті. Мектептегі оқушылардың ,сонымен қатар мектеп оқулықтарымен түгел қамтылғандығын айтты. Биыл мектеп аттестациядан өтетінін ескертті.Мектептің ішкі-сыртқы жұмыс жоспарымен және мектепте оқушылар үшін жасалып жатқан жақсы игі істерімен таныстырып өтті.

Ата-аналар кеңесінің төрағасы О.Назарбеков өз сөзінде ата-анаға бала тәрбиесіне немқұрайлы қарамауын, ауызбіршілік пен ұйымшылдықпен жұмыс жасау қажет екендігін айта отырып, ата ананың тілегі баласының жақсы адам болып өсуі екеніндігін тілге тиек етіп баланың тәрбиесіне басты назар аударуына тоқталып өтті.

Өз сөзінде ДТЖЖО А.Байқоңырова жиналысқа қатысқан ата-аналарды биылғы жаңа оқу жылдарымен құттықтап, алдағы уақытта жұмыла жұмыс жасауға шақырды. Оқушылардың құқықбұзушылыққа жол бермеулерін, діни экстемизм сайттарына кіріп кетпеуін әрдайым ата-аналардың назарында болу керектігін атап айтты. Қазіргі таңда оқушылардың боянып келмеуі, мектеп формасының сақталуы ата-аналарға тікелей байланысты.Алдында өсіп келе жатқан ұл -

қыздардың тәрбиесіне жіті көңіл бөлулерін,олардың болашағы өз колдарыңызда екенін түсіндіріп өтті.

Мектеп педагог-психологы Ң.Халмұратова ата-аналарға « Бала құқығы -басты құндылық» тақырыбында слайд көрсетіліп, сонымен катар ата аналарға «Бала ата- ана көзімен» тақырыбында тенинг өткізді. 2024-2025 оку жылынада ата аналарға арналған психологиялык педагогикалык жеке сүйемелдеуді жүргізуге келісіммен таныстырып хабардар етті.

Мектеп әкелер кеңесінің төрағасы Т.Сахов жиналысқа қатысушы ата-аналарға « Тәрбие тал бесіктен» балаға үнемі көңіл бөлу керегін баса айтты. Жиын барысында ата- аналар оқушылардың сабак кезінде ұялы (смартфон) ұстауға карсы екендіктерін айтып, ата-аналар бірауыздан келісіп колдады.

Мектеп инспекторы Ш.Ибадуллаев сөз алып ата-аналарға кәмелеттік жасқа толмаған балалардың кешкі уақытта барынша үйден шықпауын, ойын сауық пен тойханаларға барып жұмыс жасауға жол бермеуін, көлік құралдарын, электронды жүргізу құралдарын баскармауын катаң түрде ескертіп айтып өтті. Осы мәселелер анықталған жағдайда заң жүзінде айыппұл салынып, хаттама толтырылатынын ескертті.

**Қаулы:**

1. Мектептің ережесі тұракты сакталсын.

2.Мектепте ұялы телефондар (смартфон) ұстауға тыйым салынсын

3.Мектеп оқушыларының кешкі уақыт 22:00 ден соң көшеде жүрмеуі ата аналар тарапынан қадағалансын.

Ойын сауық пен тойханаларға барып жұмыс жасауға, көлік құралдарын, электронды жүргізу құралдарын(мапет, электорскутер) басқаруға тыйым салынсын.

**Жиналыс төрайымы:** *(қолы)* **А.Байқоңырова**

**Хатшы:** *(қолы)* **Р.Сопбекова**

**Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде «Бала қауіпсіздігі-қоғам келешегі» тақырыбында өткізілетін жалпы ата-аналар жиналысы. 26.09.2024ж**

**Мақсаты:**

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын өзектендіру

**Күн тәртібінде:**

1.Бейнеролик.Буллинг,кибербуллингтың алдын алу.Педагог-психологтар Л.Қалиева Н.Халмұратова

2. Слаид.Ата-ана бақылауы. ДТЖЖО А.Байконырова.

3.Онлаин ойындар

4.Әлеуметтік желілерде деструктивті қоғамдастықтарға балаларды тарту және іріктеу

5.4,9 сыныптардың дайындығы, аттестация Л.Оңалбаева

6. «Зиянды заттан сақтан», «Жыныстық тиіспеушілік тәрбиесі» баяндамашы Жастар орталық маманы М.Есходжаева

7. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында сабақтан тыс уақытта демалыс,мереке күндерінде ата-аналар оқушыларды бақылаудан жібермеу,қадағалау туралы.Көшеде түнгі беймезгіл уақытта жүрмеу,көлік ,самокат айдауды мектеп инспекторы Ш.Ибадуллаев

8. «Тәрбие тал бесіктен» әкелер кеңес төрағасы Т.Сахов

Мектеп әкімшілігі. Басталуы сағат 16.00

жиналысқа қатысқан ата-аналар 5 „а"

1 Ауелбекова Н. Манайдар Айару

2. Есенбек Аизере 5 „б" Есенбек Айдана 1 „а"

3 Жуманазарова Г 3 „а"

4. Сапиманова А 7 б Дүйсенбекұлы В

5. Тажибаева 7. 11 ә Ақжан А., 7 Ұлжан

5 б Құрай

6. Тилеубердиева 3. 1 „ә" Дан

7. Собденова Г 11 „ә" Дамир

8. Нозарбеков О. 11 „ә" Айбарыс

9. Сергазиева М 9, 11 „ә" Лейлинай

таңдаулылар Сұлтан, Баржан, Нұрсұлтан, Нұрислам

10. Боситбаева 9 А 7 А 5 А 3 А 1 А. Ләйлә

11 Аристова С 9 б 5 В

12 Шерезданова К 3 Б 5 В [illegible]

13 Бекиураев М.Ш 1 „А" [illegible]

14. Кыдырбеков Д. М. 6 „А" 9 „а" кл. [illegible]

15. Акбаев А. Н 7 А 8 А

16 Крайненко А С 2 „В" 6 „В" 8 „В" [illegible]

17 Жакупова Т.А Ж 3 „ә" 8 „ә" 5 „ә" Жакуп

18 Балдыбекова М. Б. 11 „ә" 6 „а" 7 „а" 2 „а"

19 Әлімбекова А 7 а 6 а 4 б 2 а О.

20 Садуова Б. 8 ә 6 ә 4 ә

21 Абдрахманова А 9 „А" 6 „ә" 4 „А" 1 „А"

22) Махамбет А 8 а 7 ә 6 а 4 а

23) Артықбай М 4 а 1 а

24) Баспакова М 9 „ә" 3 „ә"

25) Шакир Ә. 5 „В" [illegible]

26) Алимбекова М 7 б 6 ә 4 ә

27) Махамбетова А. 8 б 5 ә 3 б

28) Калимбекова А 1 ә 5 ә 6 а 7 а 11 а

Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде «Бала қауіпсіздігі -қоғам келешегі» тақырыбында өткізілген жалпы ата- аналар жиналысының

**ХАТТАМАСЫ №2**

Шардара қаласы «26» 09. 2024ж

Қатысқандар:

1.ДБЖЖО – Г.Бердибекова

2.Ата аналар комитетінің төрағасы -О.Назарбеков

3.ДТЖЖО-А.Байқоңырова

4.Шардара АБП нің КТІЖ инспекторы- Ш.Ибадуллаев

5.Педагог психолог Л.Қалиева

Жастар орталығының маманы М.Есходжаева.

6.Ата аналар, сынып жетекшілер

7.Майқала мөлтекауданының ауыл биі,әкелер кеңесінің төрағасы- Т.Сахов

**Күн тәртібінде:**

1.Бейнеролик, Буллинг, кибербуллингтің алдын алу Педагог- психологтар Л.Калиева, Н.Халмуратова

2.Слайд.Ата-ана бақылауы.ДТЖЖО А.Байқоңырова

3.Онлайн ойындар

4.Әлеуметтік желілерде деструктивті қоғамдастықтарға балаларды тарту және іріктеу.

5. 4.9 сыныптардың дайындығы, аттестация Г.Бердибекова

6. «Зиянды заттан сақтан», «Жыныстық тиіспеушілік тәрбиесі» баяндамашы Жастар орталығының әдіскер маманы А.Бердалиева

7. «Құқық бұзушылықтың алдын алу» - Жастар орталығының маманы Қ.Жансейітова

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша жиналысты педагог -психолог Л.Қалиева «Буллинг, кибербуллингтің алдын алу» тақырыбында Бейнеролик көрсетіліммен бастап, ата- аналар тарапынан Буллинг кибербуллингтен қалай ажыратылады?, мектеп тарапынан осындай жағдайларға түскен оқушыларға қандай көмектер көрсетіледі? деген сұрақтар қойылып, тұжырымды жауаптар берілді. Әлеуметтік желілер мен топтарды бақылау, баланың эмоционалды жағдайын үнемі талқылау. Сонымен қатар смартфондағы түрлі ойындардың бала өміріне қауіп төндіретіндігі жайында айтылып ата аналар тарапына түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жастар ресурстар орталығының маманы А.Бердалиева смартфондардағы онлайн ойындар «Скул бой» тағы басқа ойындардағы іс – әрекеттер арқылы бала өміріне үлкен қауіп келетіндігі, баланы үнемі қадағалауда ұстап отыру, баланың телефонындағы ойындарын анықтап отыру қажеттілігі жайында айтып өтті. Сонымен қатар кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасында электронды сигарет, зиянды заттарды қолдану, жеңіл көліктерді жүргізу , мапет, электронды скутерлерді басқару, синтетикалық есірткілер қолдану сияқты жайттар қазір көптеп белең алуда. Ата-ана тарапына кәмелеттік жасқа толмаған балаларыңызға көңіл бөліп, достарын, ұялы телефон сайттарындағы желілерін анықтап, қадағалап үнемі баланы 24/7 бақылауда ұстау қажеттігін айтып өтті. Ата-аналарға бала кәмелетік жасқа толмай тұрмысқа бермеу қажеттігін, қыздардың тәртібі жайында аналарға тарапына қыздарға түсіндірме жұмыстары жүргізілсе деген сөздерін жеткізді. Маманға ата-ана тарапынан кәмелеттік жасқа толмағандар балалар арасында синтетикалық есірткілер мен нашақорлық фактілері тіркелгендер бар ма? деген сұрақ қойылып нақты жауаптар алынды.

## ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ НА ЛИТЕРАТУРУ, КОТОРОЙ УВЛЕКАЕТСЯ РЕБЕНОК

Убедитесь, что ребенок не читает или не играет в потенциально опасные игры, такие как:

**«Цветы пиона на снегу»**

**«Сплетни и K-POP»**



**«Лиса Златогром»**

**«КАНАШИБари пока не погаснет последний фонарь»**

**Игры с опасными заданиями**, такие как

**«Schoolboy runaway - stealth»**

